

Ақтөбе облысы  
«Әйтеке би аудандық білім  
бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің  
«Б.Сейсекенов атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Актюбинской области  
коммунальное государственное  
учреждение  
«Общеобразовательная средняя  
школа им. Б.Сейсекенова»  
государственного учреждения  
«Айтекебийский районный  
отдел образования»

Телефон, факс: 8-713-39-73-5-96

Ұлғайсын селосы  
Б.Сейсекенов көшесі № 15

с.Улғайсын  
улица Б.Сейсекенова № 15

4 қыркүйек 2023ж

**«2023-2024 оқу жылының басталуын,  
ұзақтығын және каникул кезеңдерін  
айқындау туралы»**

### **Бұйрық № 80 н/к**

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 больш тіркелген) сәйкес

#### **Бұйырамын:**

1. Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын: 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда: 1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы. 2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін: 9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында; 11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында. 3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін: 9 (10)-сынып оқушылары үшін: 1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр; 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадалауды өзіме қалдырамын.

**«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім  
беретін мектебі» КММ-нің директоры:**

**Б.Ж.Жумагулова**

